

**Көкшетау қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 16 маусымдағы № А-6/1250 "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № А-2/395 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 наурызда № 4041 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № А-1/8 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 06.01.2015 № А-1/8 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 18, 238 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкшетау қаласы әкімдігінің «Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы» 2011 жылғы 16 маусымдағы № А-6/1250 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-1-150 болып тіркелген, 2011 жылдың 21 шілдесінде «Степной маяк» және «Көкшетау» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

қаулының тақырыбы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда баяндалсын:  
«Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы»;

қаулының 1 тармағы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.»;

қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда б а я н д а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің

орынбасары

А.Б.Әміреноваға

жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Ж.Жұмағұлов*

Көкшетау

қаласы

әкімдігінің

2014

жылғы

27

ақпандағы

№

А-2/395

қаулысына қосымша

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі, әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші.

2. Білім беру мамандарының лауазымдары:

директор, директордың орынбасары, мұғалім, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, логопед, мектепке дейінгі оқу орындарының тәрбиеші, медбике, өндірістік оқыту шебері, бастауыш әскери дайындық жөніндегі басшы, аға вожатый, әдіскер, қосымша білім беру педагогы, кітапханашы.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

директор, директордың орынбасары, көркемдік жетекші, хореограф, әдіскер, дыбыс жөніндегі техник, кітапхана меңгерушісі, аға кітапханашы, жоғары санаттағы кітапханашы.